# Достық-Алашанькоу халықаралық темір жол шекара өткелін, Ақтоғай-Достық темір жол учаскесін және Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктін одан әрі дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 870 қаулысы

Қытай Халық Республикасымен қатынаста темір жол көлігімен тасымалдаулардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету, Достық кентінің әлеуметтік саласын, Достық-Алашанькоу халықаралық темір жол шекаралық өткелінде және Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктінде темір жол көлігінің, кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік қызметтердің инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі, Алматы облысының әкімдігі және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы 2006 жылдан бастап Достық-Алашанькоу халықаралық темір жол шекара өткелі арқылы сыртқы сауда жүктерін тасымалдауды 10 миллион тонна көлемінде ұлғайтуды қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдасын.

2. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Достық станциясын және Ақтоғай-Достық учаскесін дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының Достық-Алашанькоу халықаралық шекара өткелін және Достық кентінің әлеуметтік саласын дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін (1, 2 және 3-қосымшалар).

3. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы:

1) 2004-2005 жылдары Ақтоғай-Достық учаскесінің барлығында жүк поездары қозғалысының жылдамдығын 80 км/сағ. қамтамасыз етсін;

2) "Қабанбай-Достық" ЖВ 110 кВ электр тарту желісінің құрылысын аяқтасын және 2004 жылы пайдалануға берсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі радиациялық фонның рұқсат етілетін

деңгейінен асатын металл сынықтары мен басқа да жүктерді темір жол көлігімен тасымалдауға жол бермеу жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Алматы облысының әкімі 2003 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген әскери қалашықтардың негізгі объектілерін, Достық және Қорғас бақылау-өткізу пункттерін, Алматы облысының Достық кентінде орта мектепті салуға, Достық станциясында жете қарау алаңын және уақытша сақтау қоймасын салуға инвестициялық ұсыныстар енгізсін.

6. Алматы облысының әкімдігі:

1) Достық станциясының және Қорғас автомобиль өткізу пунктінде 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген объектілердің құрылысына арналған жер учаскелерінің бөлінуін қамтамасыз етсін;

2) Достық кентінің әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық мақсаттағы объектілерін одан әрі дамытуды жүзеге асырсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 870 қаулысына 1-қосымша

## "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ-тың Достық станциясын және Ақтоғай-Достық учаскесін дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Объектілер атауы | Объектінің қуаты | Құны, мың теңге | Құрылыс мерзімі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2004 жыл | | 2005 жыл | |
| | | | | Жұмыстардың көлемі | Құны, мың теңге | Жұмыстардың көлемі | Құны, мың теңге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1. Ақтоғай-Достық учаскесі** | | | | | | |
| 1.1. Жолдардың жоғары қабатын нығайту | 266 км | 2953000 | 100 км | 1110000 | 166 км | 1843000 |
| 1.2. Автоблоктау және 10 кВ жоғары вольтты желісін салу | 140 км | 540000 | 58 км | 224000 | 82 км | 316000 |
| 1.3. Букстердің қызуын анықтау аспаптарын енгізу | 7 станция | 103000 | 3 станция | 44143 | 4 станция | 58857 |
| Жиыны | | 3596000 | | 1378143 | | 2217857 |
| **2. Достық станциясы** | | | | | | |
| 2.1. Шаруашылық-ауыз су суағарының құрылысын аяқтау | 20 км | 15000 | 20 км | 15000 | | |
| 2.2. Тазарту құрыл. ғыларының құрылысын аяқтау | Объект | 15000 | | 15000 | | |
| 2.3. "Қабанбай-Достық" 110 ЭТЖ салу | 178 км | 702000 | 178 км | 702000 | | |
| 2.4. Станция парктерін жарықтандыруды күшейту | 5 парк | 190000 | 3 парк | 114000 | 2 парк | 76000 |

2.5. Шағын қуатты дөңестің және сығымдағыш станциясы бар 1520 жолтабанды сығым. сұрыптау 1 дағыш паркінің 1 дөңес, Дөңес, станция, кезеңін салу 6 жол 600000 4 жол 450000 2 жол 150000

2.6. Вагондарды ауыстырып салу пунктін салу (ВАП) ВАП 1771000 Ангар 568491 9 жол 1202509

2.7. Темір жол көлігі қызметкер. леріне арналған 12000 700000 6520 380000 5480 320000 тұрғын үй шаршы шаршы шаршы салу метр метр метр

Жиыны 3993000 2244491 1748509

Барлығы 7589000 3622634 3966366

---

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 870 қаулысына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының Достық-Алашанькоу халықаралық шекара өткелін және Достық кентінің әлеуметтік саласын дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Объектілер атауы | Объектінің қуаты | Құны, мың теңге | Жылдар бойынша құрылыс құны | | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2004 жыл | 2005 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Кедендік бақылау агенттігі** | | | | | |
| 1.1 | "Достық" халықаралық темір жол кедендік терминалын салу | 1 терминал | 532484 | 372740 | 159744 | Республикалық бюджет |
| 1.2 | Жете қарау алаңын және уақытша сақтау қоймасын жобалау және салу | 1 объект | 50000 | 50000 | - | Республикалық бюджет* |
| 1.3 | "Достық" кедені қызметінің қызметкерлері үшін тұрғын үй салу | 7215 шаршы метр | 496752 | 248400 | 248352 | Республикалық бюджет |
| | Жиыны | | 1079236 | 671140 | 408096 | |
| | **2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі** | | | | | |
| 2.1 | Жеке бақылау-өткізу пункті әскери қалашығының негізгі объектілерін, соның ішінде қызметкерлерге арналған тұрғын жобалау және | Объект, тұрғын үй 8246 шаршы | | | | Республикалық |

салу метр 650531 200000 450531 бюджет*
Жиыны 650531 200000 450531

---

**3. Алматы облысының әкімдігі**

---

3.1 Орта мектеп жобалау және салу 1200 орын 440200 - 440200 Республикалық бюджет*

3.2 Асфальттал. ған жол салу Достық кенті 90000 40000 50000 Жергілікті бюджет

3.3 Көшелерді жарықтандыру Достық кенті 2500 1000 1500 Жергілікті бюджет

Жиыны 532700 41000 491700

---

**4. Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттік**

---

4.1 Почта байланысы бөлімшесін күрделі жөндеу 1 бөлімше 2300 2300 - "Қазпочта" ААҚ-тың меншікті қаражаты

Жиыны 2300 2300 -

Барлығы 2262467 914440 1350327

---

Ескерту: * - ТЭН сомасы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері инвестициялық ұсыныстарды бергеннен кейін нақтыланады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 тамыздағы
N 870 қаулысына
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

Р/с| |Объекті.| Құны, | Құрылыс мерзімі |Қаржыландыру
N | Объектілер | нің |мың теңге |__________________| көздері

| атауы | қуаты | |2004 жыл| 2005 жыл|

**1. Кедендік бақылау агенттігі**

1.1. Тауарлар жеткізуді бақылаудың автоматтан. дырылған жүйесін орнату 1 объект 235500 235500 - Республикалық бюджет

Жиыны 235500 235500

**2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі**

2.1. Жеке бақы. лау-өткізу пункті әскери қалашағының негізгі объектіле. рін жобалау және салу объект 650531 - 650531 Республикалық бюджет*

Жиыны 650531 - 650531

Барлығы 886031 235500 650531

Ескерту: * - ТЭН сомасы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері инвестициялық ұсыныстарды бергеннен кейін нақтыланады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК